

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық
қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» КММ 2023-2024
оқу жылы бойынша ЖҚТБ қарсы өткізілген іс-шаралар
жайында ақпарат**

Адамның басты байлығы – денсаулық. Сондықтан өскелең ұрпақтың денсаулығы мықты болу үшін салауатты өмір салтын бала күнінен қалыптастырудың маңызы өте зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болар жас ұрпақ десек, сол келешек ұрпақтың дені сау болса ғана, биік шыңдарға қолы жетері, халқына қызмет етері даусыз. Сонымен қатар, балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек екендігіне баса назар аударды. Қазіргі таңда еліміздің күн тәртібіндегі мәселелердің бірі- салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты дағдыларын ұстану, теріс әсерлерге қарсы тұра алу, дене тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін, психологиялық - әлеуметтік және рухани байлықтарымен біртұтастықты сақтау, денсаулықты сақтау әдістері жайында білімді қалыптастыруды мақсат ете отырып жұмыс жүргіздік.

Қазан айының 12-жұлдызында мектебіміздің медбикесі Кобдикова Д.К. жауаптылығымен «ЖҚТБ туралы не білесіз?» тақырыбында 7-9 сыныптары арасында тест алынды. тест қорытындысы оқушылардың аталмыш тақырыпта білімдері өз деңгейінде екені анықталды. 07.11.2023 күні “ЖҚТБ туралы не білеміз?” 7-9 сынып жетекшілері оқушыларымен аталмыш тақырыпта пікір алмасты.

Жұмыс жоспарына сай қараша айының 23-ші күні «Біз АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсымыз!» атты акциясы өтті. Іс-шараның мақсаты: Оқушыларға ЖҚТБ-ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. ЖҚТБ-ның адам өміріне зиянды әсерін аша отырып, олардың сана-сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір сүруге азаматты жауапкершіліктерін ояту.

Ұйымдастырушылар мектеп тәлімгері мен педагог-психолог болды. «Біз АҚТҚ/ЖҚТБ-ға қарсымыз!» акциясы таңертеңгі тізілістен басталды. Тізілісте акцияның күн тәртібі таныстырылды. Қоңырауда уақытында оқушыларға АҚТҚ/ЖҚТБ туралы бейнероликтер көрсетіліп, «Біз АҚТҚ-ЖҚТБ-ға қарсымыз!» плакатына өздерінің қарсылықтарын қол қою арқылы білдірсе, жекелеме оқушыларға сұрақ-жауаптар қойылып оқушы ойлары тыңдалды. Орта буын 5-7 сынып оқушыларына қабырға газеттер сайысы өткізілді. Акция соңында 8-9 сынып оқушыларына арналған «ЖҚТБ- XXI ғасыр дерті» конференция жалғасын тауып,

қорытындыланды. Конференцияны 8«А» сынып оқушысы Тортай Ержан «СПИД құрбаны» атты монологымен ашты. 9 «А» сынып оқушысы Утебай Жансұлтан Дүниежүзілік ЖТҚБ –мен күрес», «АҚТҚ -тың шығу тарихы, алдын-алу шаралары», «ЖҚТБ-ның берілу және алдын - алу жолдары» тақырыптарында дайындаған баяндамаларымен шығып, оқушылармен бөлісті. Сонымен қатар, осы конференцияға Жарма ауданының орталық ауруханасының дәрігерлері қонақ ретінде шақырылып, пікірлері тыңдалды. Пікір соңы оқушылардың сұрақтарымен жалғасын тауып, оңтайлы жауаптар ала алды.

8-9 сынып оқушылары өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, жаман әдеттерден аулақ болуға, оқушыларға ой салатын «Қателіктің арты өкініш» атты көрінісін қойды. Конференция мектеп медбикесі оқушыларға еркін микрофон әдісін қолданып, сауалнама алды.

Біз ЖҚТБ-ға қарсымыз, оқушыларымыздың жарқын болашағы өз қолында екенін дәлелдеу біздің және ата-аналарымыздың ең басты міндеті екенін естен шығармай, алдағы уақытта да жұмыстар өз жалғасын таба бермек.

6 желтоқсан күні № 2 кітапханасында Бүкіләлемдік ЖҚТБ қарсы күрес күніне орай жоғары сынып оқушылары үшін «Жастар ЖҚТБ-ға қарсы» атты слайд-дәріс өткізілді. Мақсаты: жастардың санасында ЖҚТБ жөнінде дұрыс түсінік қалыптастыру, адам өміріне қауіптілігін және жеке өмірі үшін өздері жауапты екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау, ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға толеранттылық көрсетуге тәрбиелеу. Шара барысында ЖҚТБ даму сатылары, асқыну кезеңі және адамға жұғу жолдары мен оның алдын алу шаралары туралы әңгімеледі. Қатысушыларға «Құтқарылған адам алтынмен тең» атты кітап көрмесімен таныстырылды және «ЖҚТБ туралы» атты тақырыптық слайд көрсетілді. Шараның қорытындысында оқушыларға «ЖҚТБ тоқтатудың 5 қадамы» атты буклеттер таратылды. Барлығы 12 адам қатысты. Ақпан айының 13-жұлдызында жоғары сынып ұйымдастыруымен 7-9 сыныптар арасында «СПИД ғасыр дерті» дөңгелек үстел өтті. Аталмыш шарада оқушылар өз ойларын ортаға салып қызу талқыға салды. 05.03.24 күні мектеп медбикесі жауатылығымен «Ғасыр індетінен сақтанайық!» тақырыбында 8-9 сынып қыз балалармен әңгіме сұхбат өтті. 16.04.24 күні «Біз салауатты өмір сүреміз!» спорт апталығы, 14.05.24 күні Нағашыбай А.Ш. ұйымдастыруымен «ЖҚТБ әлемдік індет» тақырыбында сурет көрмесі өтті.

Мектеп директоры:



Дуйсенбаева Л.А